

**Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге  
Ташмуханбетов Тоғайбектің атын беру туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігі Тассай ауыл округі әкімінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы N 111 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 14-10-156 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекені тұрғындарының пікірлерін ескере отыра, Тассай ауыл округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тассай ауыл округіне қарасты Таскен ауылындағы атауы жоқ көшеге  
Ташмуханбетов Тоғайбектің есімі берілсін.

2. Тассай ауыл округі әкімі аппаратының бас маман - жер инспекторы  
К.Темирбеков, көшеге қайта атау беруі бойынша жұмыстардың орындалуын  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары  
М.Туледияровқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі.

*Тассай ауыл округі әкімі: Танагузов Б.Т.*